

## **Кеден одағы Комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 6 қазандағы № 129 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 43-тармағының 15-тармақшасына және 48-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Қосымшаға сәйкес Кеден одағы Комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешімдеріне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасы Төрағасының  
міндетін уақытша атқарушы*

*А. Слепнев*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2015 жылғы 6 қазандағы  
№ 129 шешіміне  
ҚОСЫМША

## **Кеден одағы Комиссиясы мен Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешімдеріне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР**

1. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 257 шешімімен бекітілген Тауарларға декларация толтыру тәртібі туралы нұсқаулықта:

а) 6-тармақта:

он сегізінші абзац "Ресей" деген сөздің алдынан "Қырғыз Республикасында және" деген сөздермен толықтырылсын;

жиырма бірінші абзац "Ресей" деген сөздің алдынан "Қырғыз Республикасында және" деген сөздермен толықтырылсын;

б) 15-тармақта:

4-тармақшаның екінші абзацы (кестеден кейін) "Ресей" деген сөздің алдынан "Қырғыз Республикасында және" деген сөздермен толықтырылсын;

8-тармақшада:

он алтыншы абзац (кестеден кейін) "бірлік" деген сөзден кейін "(Қырғыз Республикасы үшін – Әкімшілік-аумақтық және аумақтық бірліктер объектілері

белгіленімдері жүйесінің мемлекеттік сыныптауышына (ӘААБ МС) сәйкес әкімшілік-аумақтық бірлік коды)" деген сөздермен толықтырылсын;

жиырма үшінші абзацтан кейін (кестеден кейін) мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қырғыз Республикасында егер алушы Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер ретінде тіркелген заңды тұлға немесе жеке тұлға болып табылса, Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес алушыға берілген салық төлеушінің сәйкестендіру салық нөмірі (ССН) не егер алушы Қырғыз Республикасының аумағында коммерциялық қызметті жүзеге асыратын және дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлға болып табылса, дербес сәйкестендіру нөмірі (ДСН);";

жиырма алтыншы абзацтан кейін (кестеден кейін) мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қырғыз Республикасында заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер үшін Кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпыреспубликалық сыныптауышының (КҰЖС) коды;";

9-тармақшада:

он бірінші абзац (кестеден кейін) мынадай редакцияда жазылсын:

"дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлға үшін (әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес елдің қысқаша атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты және тұрғылықты жері (Қырғыз Республикасы үшін – әкімшілік-аумақтық және аумақтық бірліктер объектілері белгіленімдері жүйесінің мемлекеттік сыныптауышына (ӘААБ МС) сәйкес әкімшілік-аумақтық бірлік коды), елді мекен, көше, үйдің және пәтердің нөмірі), жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтер (Ресей Федерациясы үшін – құжаттың атауы), құжаттың сериясы мен нөмірі, оның берілген күні, сәйкестендіру нөмірі (бар болған кезде) не қоғамдық қызметтер көрсетудің нөмірлік белгісі (ҚҚНБ) немесе мұндай белгінің жоқтығы туралы анықтаманың нөмірі (Армения Республикасы үшін).";

он бесінші абзацтан кейін (кестеден кейін) мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қырғыз Республикасында егер алушы Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер ретінде тіркелген заңды тұлға немесе жеке тұлға болып табылса, Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес алушыға берілген салық төлеушінің сәйкестендіру салық нөмірі (ССН) не егер алушы Қырғыз Республикасының аумағында коммерциялық қызметті жүзеге асыратын және дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлға болып табылса, дербес сәйкестендіру нөмірі (ДСН);";

он сегізінші абзацтан кейін (кестеден кейін) мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қырғыз Республикасында заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер үшін Кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпыреспубликалық сыныптауышының (КҰЖС) коды;";

12-тармақшада:

бесінш абзац (кестеден кейін) мынадай редакцияда жазылсын:

"дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлға үшін (әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес елдің қысқаша атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты және тұрғылықты жері (Қырғыз Республикасы үшін – әкімшілік-аумақтық және аумақтық бірліктер объектілері белгіленімдері жүйесінің мемлекеттік сыныптауышына (ӨААБ МС) сәйкес әкімшілік-аумақтық бірлік коды), елді мекен, көше, үйдің және пәтердің нөмірі), электрондық поштаның мекенжайы (бар болған кезде) (Беларусь Республикасы үшін), жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтер (Ресей Федерациясы үшін – құжаттың атауы), құжаттың сериясы мен нөмірі, оның берілген күні, сәйкестендіру нөмірі (болған кезде) не қоғамдық көрсетілетін қызметтердің нөмірлік белгісі (ҚҚНБ) немесе мұндай белгінің жоқтығы туралы анықтаманың нөмірі (Армения Республикасы үшін).";

тоғызыншы абзацтан кейін (кестеден кейін) мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қырғыз Республикасында егер алушы Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер ретінде тіркелген заңды тұлға немесе жеке тұлға болып табылса, Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес алушыға берілген салық төлеушінің сәйкестендіру салық нөмірі (ССН) не егер алушы Қырғыз Республикасының аумағында коммерциялық қызметті жүзеге асыратын және дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлға болып табылса, дербес сәйкестендіру нөмірі (ДСН);";

он екінші абзацтан кейін (кестеден кейін) мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қырғыз Республикасында заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер үшін Кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпыреспубликалық сыныптауышының (КҰЖС) коды;";

22-тармақшаның бірінші абзацы (кестеден кейін) "Қазақстан Республикасы" деген сөздерден кейін ", Қырғыз Республикасы" деген сөздермен толықтырылсын;

27-тармақшада:

тоғызыншы абзацтағы (кестеден кейін) "немесе Қазақстан Республикасы" деген сөздер ", Қазақстан Республикасы немесе Қырғыз Республикасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

он екінші абзацтағы (кестеден кейін) "немесе Қазақстан Республикасында" деген сөздер ", Қазақстан Республикасында немесе Қырғыз Республикасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

он төртінші абзацтағы (кестеден кейін) "немесе "39852300" деген сөздер ", "39852300" немесе "41710302" деген сөздермен ауыстырылсын;

29-тармақшада:

он екінші абзац (кестеден кейін) "Қазақстан" деген сөздің алдынан "Қырғыз Республикасында және" деген сөздермен толықтырылсын;

он үшінші абзац (кестеден кейін) "Қазақстан Республикасында" деген сөздерден кейін "және Қырғыз Республикасында" деген сөздермен толықтырылсын;

он алтыншы абзацтағы (кестеден кейін) "әкелінетін" деген сөз "тасымалданатын" деген сөзбен ауыстырылсын;

31-тармақшаның алтыншы абзацы (кестеден кейін) "Ресей" деген сөздің алдынан "Қырғыз Республикасында және" деген сөздермен толықтырылсын;

32-тармақшаның төртінші абзацы (кестеден кейін) "Ресей" деген сөздің алдынан "Қырғыз Республикасында және" деген сөздермен толықтырылсын;

34-тармақшаның сегізінші абзацы (кестеден кейін) "Қазақстан Республикасында" деген сөздерден кейін "және Қырғыз Республикасында" деген сөздермен толықтырылсын;

36-тармақшаның он екінші абзацы (кестеден кейін) "Ресей" деген сөздің алдынан "Қырғыз Республикасында және" деген сөздермен толықтырылсын;

38-тармақша бесінші абзацтан кейін (кестеден кейін) мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қырғыз Республикасында толық ТД беру кезінде кезеңдік немесе уақытша ТД тіркеу нөмірі, сондай-ақ жиналмаған немесе шашыраңқы түрдегі, соның ішінде жинақталмаған немесе аяқталмаған түрдегі тауарларға арналған ТД тіркеу нөмірі және "/" бөлгіш белгісі арқылы алдыңғы ТД 32-графасының бірінші кіші бөлімінен осы тауардың реттік нөмірі көрсетіледі.";

39-тармақшаның жетінші абзацы (кестеден кейін) "Беларусь Республикасында" деген сөздерден кейін "және Қырғыз Республикасында" деген сөздермен толықтырылсын;

40-тармақшаның бірінші абзац (кестеден кейін) "Беларусь Республикасында" деген сөздерден кейін "және Қырғыз Республикасында" деген сөздермен толықтырылсын;

45-тармақшада:

үшінші абзац (кестеден кейін) "Беларусь Республикасында" деген сөздерден кейін ", Қырғыз Республикасында" деген сөздермен толықтырылсын;

он тоғызыншы және жиырма екінші абзацтар (кестеден кейін) "Қазақстан Республикасында" деген сөздерден кейін ", Қырғыз Республикасында" деген сөздермен толықтырылсын;

жиырма жетінші абзац (кестеден кейін) "Ресей" деген сөзден кейін "Қырғыз Республикасында және" деген сөздермен толықтырылсын;

қырық екінші абзац (кестеден кейін) "Қазақстан Республикасында" деген сөздерден кейін ", Қырғыз Республикасында" деген сөздермен толықтырылсын;

46-тармақшада:

алтыншы абзац (кестеден кейін) "Ресей" деген сөздің алдынан "Қырғыз Республикасында және" деген сөздермен толықтырылсын;

он сегізінші абзацтағы (кестеден кейін) "осы Нұсқаулықтың 44-тармағында" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 289 шешімінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

48-тармақшаның соңғы абзацы (кестеден кейін) "Қазақстан Республикасында" деген сөздерден кейін ", Қырғыз Республикасында" деген сөздермен толықтырылсын;

в) 18-тармақта:

2-тармақшада:

он алтыншы абзац (кестеден кейін) "бірлік" деген сөзден кейін "(Қырғыз Республикасы үшін – әкімшілік-аумақтық және аумақтық бірліктер объектілері белгіленімдері жүйесінің мемлекеттік сыныптаушына (ӘААБ МС) сәйкес әкімшілік-аумақтық бірлік коды)" деген сөздермен толықтырылсын;

жиырма үшінші абзацтан кейін (кестеден кейін) мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қырғыз Республикасында егер алушы Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер ретінде тіркелген заңды тұлға немесе жеке тұлға болып табылса, Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес алушыға берілген салық төлеушінің сәйкестендіру салық нөмірі (СНН) не егер алушы Қырғыз Республикасының аумағында коммерциялық қызметті жүзеге асыратын және дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлға болып табылса, дербес сәйкестендіру нөмірі (ДСН);";

жиырма алтыншы абзацтан кейін (кестеден кейін) мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қырғыз Республикасында заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер үшін Кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпыреспубликалық сыныптаушының (КҰЖС) коды;";

17-тармақшаның үшінші абзацы (кестеден кейін) "Қазақстан Республикасында" деген сөздерден кейін ", Қырғыз Республикасында" деген сөздермен толықтырылсын;

18-тармақшаның үшінші абзацы (кестеден кейін) "Қазақстан Республикасында" деген сөздерден кейін ", Қырғыз Республикасында" деген сөздермен толықтырылсын;

г) 43-тармақта:

1-тармақшада:

төртінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Армения Республикасында тауарларды декларациялау кезінде Армения Республикасында қолданылатын кеден органдары сыныптаушына сәйкес ТД тіркеген кеден органының екі мәнді коды көрсетіледі.";

бесінші абзацтағы "және Қазақстан Республикасында" деген сөздер ", Қазақстан Республикасында және Қырғыз Республикасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

оныншы абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Армения Республикасында: "11/101014/0004455";";

он екінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қырғыз Республикасында: "10302/231214/0005566";";

3-тармақша оныншы абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қырғыз Республикасында толық емес ТД беру арқылы тауарларды декларациялау кезінде мәліметтер мен құжаттар ұсынылған күн көрсетіле отырып, мынадай жазба жасалады: "Шартты шығарылымы \_\_\_\_\_ дейін".".

2. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 263 шешімімен бекітілген Тауарларға декларация ретінде көліктік (тасымалдау), коммерциялық және (немесе) өзге де құжаттарды пайдалану тәртібі туралы нұсқаулықтың 8-тармағының 2-тармақшасы "салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі" деген сөздерден кейін "немесе салық төлеушінің сәйкестендіру салық нөмірі" деген сөздермен толықтырылсын.

3. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 287 шешімімен бекітілген Жолаушылардың кедендік декларациясын толтыру тәртібінің 10-тармағының үшінші бөлігі "Қазақстан Республикасы" деген сөздерден кейін ", Қырғыз Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік кеден қызметі" деген сөздермен толықтырылсын.

4. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 289 шешімімен бекітілген Транзиттік декларацияны толтыру тәртібі туралы нұсқаулықта:

а) 53-графаны толтыру қағидаларындағы 14-тармақта:

бірінші абзац (кестеден кейін) "сыныптауышы" деген сөз "сыныптауышына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы (кестеден кейін) "немесе Қазақстан Республикасының кеден органы" деген сөздер ", Қазақстан Республикасы немесе Қырғыз Республикасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші абзац (кестеден кейін) "кеден органының" деген сөздердің алдынан "сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қырғыз Республикасы үшін 417 және одан әрі кеден органдарының сыныптауышына сәйкес кеден органының коды (417XXXXX).";

б) "А" графасын толтыру қағидасының 16-тармағында жетінші абзацтан кейін (кестеден кейін) мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қырғыз Республикасы үшін алғашқы 417 үш белгісі және одан әрі кеден органдарының сыныптауышына сәйкес ТД тіркеген кеден органының коды (417XXXXX).";

5. Кеден одағы Комиссиясының "Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында тауарлар сыныптауышы бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдарының қабылданған алдын ала шешімдерінің жинағын қалыптастыру және жүргізу тәртібін реттейтін құжаттар туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 297 шешімінде:

а) көрсетілген Шешіммен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында тауарлар сыныптауышы бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдарының қабылданған алдын ала шешімдерінің жинағын қалыптастыру және жүргізу тәртібі туралы ереженің 2-тармағы төртінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қырғыз Республикасынан – Қырғыз Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік кеден қызметі,";

б) көрсетілген Шешіммен бекітілген Тауарлар сыныптауышы бойынша алдын ала шешімдер жөніндегі деректерді берудің техникалық шарттарында:

2-тармақ төртінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қырғыз Республикасынан – Қырғыз Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік кеден қызметі,";

көрсетілген Техникалық шарттарға 1-қосымшада:

алтыншы абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"KG– Қырғыз Республикасы,";

кестенің төртінші графасындағы 3-позиция мынадай редакцияда жазылсын:

"Әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес кеден органы алдын ала шешім қабылдаған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің екі мәнді әріптік коды".

6. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 311 шешімімен бекітілген Кедендік шекара арқылы жеке тұлғалар алып өтетін, жеке пайдалануға арналған тауарларға және мұндай тауарларды кедендік бақылаудағы тауарлар деп тану фактісінің көрініс табуына қатысты кедендік операциялар жасау тәртібі туралы нұсқаулықтың 5-тармағы "Қазақстан Республикасы" деген сөздерден кейін ",Қырғыз Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік кеден қызметі" деген сөздермен толықтырылсын.

7. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 330 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тауарларды іс жүзінде әкетуді кету орнында орналасқан кеден органының тану тәртібінің 14-тармағы төртінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қырғыз Республикасында – Қырғыз Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік кеден қызметі,".

8. Кеден одағы Комиссиясының "Еркін кеден аймағының кедендік рәсімімен немесе еркін қойманың кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды пайдалана отырып дайындалған (алынған) тауарды Еуразиялық экономикалық одақтың тауары деп тану туралы және Еркін кеден аймағының кедендік рәсімімен немесе еркін қойманың кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды пайдалана

отырып дайындалған (алынған) тауарды Еуразиялық экономикалық одақтың тауары болып табылмайды деп тану туралы қорытындылардың нысаны, оларды толтыру, беру және қолдану тәртібі туралы" 2010 жылғы 17 тамыздағы № 437 шешімінде:

а) көрсетілген Шешіммен бекітілген АЭА-да немесе еркін қоймада жүргізілген Тауардың мәртебесі туралы қорытындыларды, ЕАЭОТ нысанын және ШТ нысанын толтыру тәртібінің 4-тармағының үшінші абзацында:

"КОТ" деген сөз "ЕАЭОТ" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы" деген сөздерден кейін ", Қырғыз Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік кеден қызметі" деген сөздермен толықтырылсын;

б) көрсетілген Шешіммен бекітілген АЭА-да немесе еркін қоймада жүргізілген Тауардың мәртебесі туралы қорытындыларды, ЕАЭОТ нысанын және ШТ нысанын толтыру тәртібінің 3-тармағының бірінші сөйлемі "Қазақстан Республикасы" деген сөздерден кейін ", Қырғыз Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік кеден қызметі" деген сөздермен толықтырылсын.

9. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 379 шешімімен бекітілген Тауарлардың кедендік құнын декларациялау тәртібінде:

а) мәтін бойынша "жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)" деген сөздер "жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) 22-тармақта:

2а графасын толтыру тәртібінде:

сегізінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қырғыз Республикасы үшін егер алушы Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер ретінде тіркелген заңды тұлға немесе жеке тұлға болып табылса, Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес алушыға берілген салық төлеушінің сәйкестендіру салық нөмірі (ССН) не егер алушы Қырғыз Республикасының аумағында коммерциялық қызметті жүзеге асыратын және дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлға болып табылса, дербес сәйкестендіру нөмірі (ДСН);";

он бірінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қырғыз Республикасы үшін заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер үшін Кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпыреспубликалық сыныптауышының (КҰЖС) коды";

2б графасын толтыру тәртібінде:

сегізінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қырғыз Республикасы үшін егер алушы Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер ретінде тіркелген заңды тұлға немесе жеке тұлға болып табылса, Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес алушыға берілген салық төлеушінің сәйкестендіру салық нөмірі (ССН) не егер алушы Қырғыз Республикасының аумағында коммерциялық қызметті жүзеге асыратын және дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлға болып табылса, дербес сәйкестендіру нөмірі (ДСН);";



он бірінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қырғыз Республикасы үшін заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер үшін Кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпыреспубликалық сыныптауышының (КҰЖС) коды;"

в) 23-тармақта:

2а графасын толтыру тәртібінде:

сегізінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қырғыз Республикасы үшін егер алушы Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер ретінде тіркелген заңды тұлға немесе жеке тұлға болып табылса, Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес алушыға берілген салық төлеушінің сәйкестендіру салық нөмірі (ССН) не егер алушы Қырғыз Республикасының аумағында коммерциялық қызметті жүзеге асыратын және дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлға болып табылса, дербес сәйкестендіру нөмірі (ДСН);"

он бірінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қырғыз Республикасы үшін заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер үшін Кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпыреспубликалық сыныптауышының (КҰЖС) коды;"

2б графасын толтыру тәртібінде:

сегізінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қырғыз Республикасы үшін егер алушы Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер ретінде тіркелген заңды тұлға немесе жеке тұлға болып табылса, Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес алушыға берілген салық төлеушінің сәйкестендіру салық нөмірі (ССН) не егер алушы Қырғыз Республикасының аумағында коммерциялық қызметті жүзеге асыратын және дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлға болып табылса, дербес сәйкестендіру нөмірі (ДСН);"

он бірінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қырғыз Республикасы үшін заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер үшін Кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпыреспубликалық сыныптауышының (КҰЖС) коды;"

10. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 14 қазандағы № 422 шешімімен бекітілген Көлік құралына кедендік декларация толтыру тәртібі туралы нұсқаулықта:

а) мәтін бойынша тиісті түрдегі "Сыныптауыш" деген сөз тиісті түрдегі "сыныптауыш" деген сөзбен ауыстырылсын;

б) 10-тармақта:

алтыншы абзацтың бірінші сөйлеміндегі "және Қазақстан Республикасына" деген сөздер ", Қазақстан Республикасына және Қырғыз Республикасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

оныншы абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қырғыз Республикасында 41710302;"

11. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 290 шешімімен бекітілген Дайындап алынған азық-түлікті кедендік декларациялау кезінде кедендік декларация ретінде пайдаланылатын көліктік (тасымалдық), коммерциялық және (немесе) өзге де құжаттарды қамтуға тиіс мәліметтер тізбесінің 1-тармағының "в" тармақшасы және 2-тармағының "в" тармақшасы "(Қазақстан Республикасында)," деген сөздерден кейін "немесе заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер үшін Кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпыреспубликалық сыныптаушының (КҰЖС) коды және "/" бөлгіш белгісі арқылы салық төлеушінің сәйкестендіруші салық нөмірі (СНН) (Қырғыз Республикасында)," деген сөздермен толықтырылсын.

12. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2013 жылғы 2 желтоқсандағы № 284 шешімімен бекітілген Тауарлардың жекелеген түрлерін сыныптау туралы шешімдерді Еуразиялық экономикалық комиссияның қабылдау тәртібінде:

а) 3-тармақ "Қазақстан Республикасы" деген сөздерден кейін ", Қырғыз Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік кеден қызметі" деген сөздермен толықтырылсын;

б) 16-тармақтың "в" тармақшасында "қоғамдастығының" деген сөз "одағының" деген сөзбен ауыстырылсын.

13. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 289 шешімімен бекітілген Тауарларға декларацияны түзету нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулықта:

а) 7-тармақ "Қазақстан Республикасында" деген сөздерден кейін ", Қырғыз Республикасында" деген сөздермен толықтырылсын;

б) 10-тармақтың 9-тармақшасының алтыншы абзацы (кестеден кейін) "Ресей" деген сөздің алдынан "Қырғыз Республикасында және" деген сөздермен толықтырылсын.